

**Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін докторлық диссертация қорғауға үміткерге
НҰСҚАУЛЫҚ**

Диссертациялық зерттеудің қорғауға дайындығын растау үшін ізденуші тиісті бағыт бойынша диссертациялық кеңеске келесі құжаттарды тапсырады:

- Диссертациялық кеңес төрағасының атына жазылған диссертацияны қорғауға қабылдау туралы өтініш;

- Диссертациясын уақытында қорғай алмаған немесе басқа жоғары оқу орнында докторантура бағдарламасын аяқтаған докторант қорғау процесін аяқтау үшін докторантураға қайта қабылдану туралы өтініш беру үшін Студенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласуы керек. Үміткерлер келесі құжаттарды ұсынуы керек:

1) Басқарма төрағасы – Ректордың атына жазылған өтініш (Кафедра меңгерушісі, Диссертациялық кеңес төрағасы, Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор қолы қойылған болуы керек);

2) қабылдау, оқудан шығару, тақырыпты және ғылыми жетекшілерді бекіту туралы бұйрықтар (Ғылыми кеңес хаттамасынан үзінділер);

3) докторантураның кәсіби оқу бағдарламасын аяқтағаны туралы үш тілдегі транскрипт (Тіркеу офисі береді).

- диссертация қатты мұқабада 3 (үш) дана және электронды тасымалдаушыда (CD-диск) ұсынылады. Диссертация қазақ тілі не орыс тілі немесе ағылшын тілінде беріледі;

- диссертацияның үш тілдегі аннотациясы (15 беттен аспауы керек). Аннотацияда диссертацияның тақырыбы, мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға ұсынылатын қағидалар немесе тұжырымдар, зерттеудің негізгі нәтижелері, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, олардың ғылыми даму үрдістеріне немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі және докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесі ашылып жазылады.

- Отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің жұмыс орнынан куәландырылған пікірлері (Назар аударыңыз! Пікірлер алдын ала талқылауға дейін ұсынылуы тиіс!). Ғылыми кеңесшілердің (І. Жансүгіров атындағы ЖМУ қызметкерлерінің) пікірлері Кадр саясаты бөлімінің мөрімен расталады. Шетелдік кеңесші пікірі өзге тілде болған жағдайда нотариалды куәландырылған аударма жасалуы керек.

- Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы қорытындысы бар кеңейтілген отырыс хаттамасына отырыс төрағасы, хатшы қол қояды, Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыстар интернационалдандыру жөніндегі проректор бекітеді, елтаңбалы мөр қойылады.

- белгіленген нысан бойынша дайындалған ғылыми еңбектер тізімі (Докторант

оқыған ЖОО Ғалым хатшысының қолы қойылған және мөр басылған болуы керек, сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың көшірмесі өткізіледі);

- кітапханадан диссертацияның ЭОК-сін алу/тексеру;

- Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында (НЦГНТЭ) диссертацияны техникалық бақылаудан (нормабақылау) өткізу;

- докторант оқыған жоғары оқу орнының Этика комитетінің ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, енгізу және тарату процесінде, соның ішінде зерттеу субъектілерінің (жабайы табиғат және мекендеу ортасы) құқықтарын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қорғауда бұзушылықтардың болмауы, сондай-ақ докторанттың өтінішін ескере отырып, диссертацияны дайындау кезінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану фактілерінің болуы немесе болмауы туралы қорытындысы.

Құжаттарды Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы қабылдайды және кемінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде тіркейді.

Диссертациялық кеңес құжаттар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей қорғау күнін белгілейді және екі ресми рецензент тағайындайды.

Қорғау күні докторанттың Диссертациялық кеңеске өтінішін тапсырған күннен бастап үш (3) айдан кешіктірілмей белгіленуі тиіс. Қорғау күні докторанттардың құжаттарының келіп түсу ретімен белгіленеді.

Қорғау күні мен ресми рецензенттер белгіленгеннен кейін, келесі құжаттар І. Жансүгіров атындағы университеттің онлайн ресурстарында орналастырылады:

- Докторант, Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпарат, диссертацияны тапсыру нысаны, қорғау өтетін орны, күні мен уақыты көрсетілген қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленген хабарлама хат (1-қосымша); Қорғау белгіленген күннен 1 (бір) ай бұрын ілінеді және үнемі қолжетімді болады.

- қорғау жоспарланған күннен бір (1) ай бұрын PDF форматта сақталған диссертация (көшірмеден қорғалған файл, *атау үлгісі*: Диссертация (докторанттың аты-жөні), Диссертация мәтіні интернетте жарияланғаннан кейін оған ешқандай өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

- PDF форматта қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аннотациялар, барлығы 15 беттен аспауы керек (қорғау жоспарланған күнінен 1 (бір) ай бұрын);

- докторанттың жарияланымдарының тізімі (куәландырылған құжаттың PDF форматында сканерленген нұсқасы), *файл атауының үлгісі*: жарияланымдардың тізімі (докторанттың аты-жөні), қорғаудың жоспарланған күнінен 1 (бір) ай бұрын);

- ғылыми кеңесшілердің PDF форматта сақталған пікірлері (расталған құжаттың сканерленген нұсқасы), *файл атауының үлгісі*: Пікір 1 (отандық ғылыми кеңесшінің аты-жөні), Пікір 2 (шетелдік немесе отандық ғылыми кеңесшінің аты-жөні); белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын өткізіледі;

- ресми рецензенттердің PDF форматта сақталған пікірі (жоспарланған қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын) нысан бойынша өткізіледі (2-қосымша);

- Этика бойынша кеңес қорытындысы.

1) **ҚР ҒЖБСБК-ге** - университет бланкісіне шығарылған қорғау туралы

хабарлама (Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректордың, ДК төрағасының қолы қойылған), (3-қосымша);

2) **ҰМҒТСО-да** диссертацияны плагиатқа тексеру үшін Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс интернационалдандыру жөніндегі проректордың атынан (ДК төрағасы қолымен) университеттің бланкісінде жазылған ілеспе хат (4-қосымша).

Диссертация электронды Word форматында тапсырылады. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, жазбаша өтініш (5-қосымша), тақырыпты бекіту туралы бұйрықтан көшірме және төлем түбіртегі көшірмесін қоса беру керек (төлем ҰМҒТСО ұсынған деректемелер бойынша банкке төленеді).

Тізімдегі барлық құжаттар сканерленеді (диссертациядан басқа), бір *.pdf файлға бірінің астына бірі салынады және plagiat@ncste.kz электронды поштасы арқылы жіберіледі. Анықтама құжаттарды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде дайын болады. Сандық қолтаңбамен қол қойылған анықтама электронды пошта арқылы жіберіледі. Анықтама ғалым хатшыға тапсырылады.

3) **ресми рецензенттерге** - диссертацияға арналған ғылыми жұмыс жөніндегі проректор – Кеңес мүшесі қол қойған университеттің бланкісінде жазылған хабарлама хаттары. Рецензенттердің рецензиялары олардың негізгі жұмыс орнында расталады. (І.Жансүгіров атындағы ЖУ қызметкерлері І. Жансүгіров атындағы ЖМУ докторанттарына рецензент бола алмайды).

4) **ДК ғалым хатшысына** - диссертацияның қатты мұқабада және CD дискіде тапсырылғаны туралы Ғ. Орманов кітапханадан анықтама.

- Қорғаудан кейін, докторантқа 5 (бес) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңес отырысының PhD дәрежесін беру/бас тарту туралы хаттамасынан үзіндінің екі данасын берілуі керек, оған Диссертациялық кеңестің төрағасы және ғалым хатшысы қол қояды.

- Қорғаудан кейін 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қорғаудың бейнежазбасы университет сайтында жариялау үшін DVD дискіде өткізілуі тиіс (бейнені монтаждауға рұқсат болмайды!).

- Қорғалғаннан кейін күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде университет бланкісінде ілеспе хатпен (6-қосымша) тіркеу үшін басқарма мүшесі-ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың қолы қойылған диссертация жіберу қажет. ҰМҒТСО базасының ААЖ жүйесіне мынадай құжаттарды жүктеу қажет:

- 1) диссертация (word нұсқасында);
- 2) Андатпа (3 тілде);
- 3) ізденушінің ғылыми еңбектерінің тізімі;
- 4) енгізу актілері (бар болса).

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі
Ғылым және жоғары білім саласында
сапаны қамтамасыз ету комитетіне

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің сайтына «_____» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған **ТАӘ** «_____» тақырыбындағы диссертациясын қорғау туралы ақпаратты орналастыруды сұрайды.

Диссертация Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «_____» мамандығы бойынша орындалған.

Диссертацияны ұсыну нысаны – диссертациялық жұмыс.

Қорғау тілі – қазақ тілі.

Ресми рецензенттер:

1. _____
2. _____

Ғылыми кеңесшілер:

Отандық ғылыми кеңесшілер:

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:

1. _____
2. _____
3. _____

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

1. _____
2. _____
3. _____

Қорғау _____ «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жанындағы _____ бағыты _____ мамандығы / білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесте өтеді.

Мекенжайы: 040009, Талдықорған қ., І. Жансүгіров к-сі., 187 а, конференция залы (313-ауд).

Zoom байланысы сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/7793949401?pwd=jaxeRuliXZSgE1xLOQjzMpIRrdf85N.1>

Конференция идентификаторы: 779 394 9401

Кіру коды: 8888

Бейнежазбаға сілтеме (Youtube): <https://youtube.com/live/xdYbfPTUefc?feature=share>

Сайт адресі: <https://zhetysu.edu.kz/>

Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор

А. Бахтаулова

Диссертациялық кеңес төрағасы

Орынд.: _____

Тел: _____

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p>	

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген	

	қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ. 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ. 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ. 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ. 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы		

	нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі
Ғылым және жоғары білім саласында
сапаны қаматасыз ету комитетіне

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің сайтына «_____» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған **ТАӘ** «_____» тақырыбындағы диссертациясын қорғау туралы ақпаратты орналастыруды сұрайды.

Диссертация Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша орындалған.

Диссертацияны ұсыну нысаны – диссертациялық жұмыс.

Қорғау тілі – қазақ тілі.

Ресми рецензенттер:

1. _____
2. _____

Ғылыми кеңесшілер:

Отандық ғылыми кеңесшілер:

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:

1. _____
2. _____
3. _____

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

4. _____
5. _____
6. _____

Қорғау _____ І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жанындағы 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау бағыты _____ білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесте өтеді.

Мекенжайы: 040009, Талдықорған қ., І. Жансүгіров к-сі., 187 а, конференция залы (313-ауд).

Zoom байланысы сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/7793949401?pwd=jaxeRuliXZSgE1xLOQjzMpIRrdf85N.1>

Конференция идентификаторы: 779 394 9401

Кіру коды: 8888

Бейнежазбаға сілтеме (Youtube): <https://youtube.com/live/xdYbfPTUefc?feature=share>

Сайт адресі: <https://zhetysu.edu.kz/>

E-mail: ainarahimova0@gmail.com

**Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс
және интернационалдандыру жөніндегі
проректор**

А. Бахтаулова

Диссертациялық кеңес төрағасы

Орынд.: _____

Тел: _____

**«Ұлттық орталық
мемлекеттік ғылыми
техникалық сараптама» АҚ**

«Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ҰАҚ диссертациялық кеңесі докторант _____ «_____» тақырыбындағы диссертациясын жібереді., 8D01510 - Математика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін авторға және алынған көзге сілтеме жасамай, алынған материалдарды пайдалануды тексеруге тапсырды, сондай-ақ диссертацияны АҚ NCGNTE веб-сайтында тұрақты негізде жариялауды сұрайды.

Диссертацияны қорғау күні: _____

**Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыс
және интернационалдандыру
жөніндегі проректор**

А. Бахтаулова

Диссертациялық кеңес төрайымы

Орынд.: _____

Тел: _____

5-қосымша

**Басқарма төрағасына
«Ұлттық орталық» АҚ
мемлекеттік ғылыми
техникалық сараптама"**

**докторанттан
ұйымның атауы,
Толық аты-жөні, тұрғылықты мекенжайы**

Мәлімдеме

Сізден философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған диссертациямды
« _____ »
тақырыбындағы « _____ » мамандығы бойынша авторға және
алынған дереккөзге сілтеме жасамай, алынған материалды пайдаланғандығы
үшін тексеруіңізді сұраймын.
Диссертацияны қорғау күні _____

Қолы _____

Күні _____

Телефон (ұялы): _____

Электрондық поштаның адресі: _____

**"Ұлттық мемлекеттік ғылыми
техникалық сараптама орталығы"
АҚ**

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жанындағы _____ бағыты, _____ білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің 8D01510 – Математика педагогтерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған ізденушісі **ТАӘ** « _____ » тақырыбындағы қорғалған жұмысын тіркеуге жібереді. Қорғау _____ жылғы _____ өтті (№6 хаттама).

Қосымша:

ДЕК - 6 дана;
Диссертация –1 дана;
Аңдатпа – 1 дана;
Ғылыми еңбектер тізімі – 1 дана.

**Басқарма мүшесі -ғылыми жұмыс және
интернационалдандыру
жөніндегі проректор**

А.Бахтаулова

**Диссертациялық кеңестің
төрағасы**

Орындаған: _____

Тел: _____

Сертификаттау файлындағы құжаттар тізімі:

- 1) докторанттың сертификаттау файлының құжаттарының тізімдемесі;
- 2) диссертация қатты мұқабада және электронды тасымалдағышта (CD дискісінде);
- 3) докторант оқыған университеттің ғылыми хатшысы бекіткен ғылыми жұмыстардың тізімі және диссертация тақырыбы бойынша ғылыми басылымдардың көшірмелері;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) диссертацияның қазақ және орыс тілдеріндегі тіркеу картасы;
- 6) диссертацияны плагиатқа тексеру туралы Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығының (NCSSTE) анықтамасы;
- 7) жұмыс орнында сертификатталған ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 8) жұмыс орнында куәландырылған 2 ресми шолушының пікірлері;
- 9) диссертациялық кеңес мүшелерінің қатысу парағы;
- 10) төраға мен ғылыми хатшы қол қойған диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының толық бейнежазбасы және хаттамасы;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері, оларға қосымшалар (транскрипттердің көшірмелері); (докторант тегін өзгерткен жағдайда, тегін өзгерткенін растайтын құжат ұсынылады);
- 12) кәсіби докторлық бағдарламаны аяқтағаны туралы транскрипттің көшірмесі;
- 13) диссертациялық кеңеске өтініш бергенге дейін нотариалды куәландырылған және күні көрсетілген еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 14) докторант туралы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ақпарат, ДС академиялық хатшысы куәландырған 3x4 фотосуреті;
- 15) оқу орнының кадр бөлімі куәландырған жеке есеп парағы;
- 16) диссертациялық кеңес төрағасының визасымен қорғауға жіберу туралы докторанттың өтініші;
- 17) хаттама кеңейтілген кездесулер, Қайда орындалдыюң қорытындысы және қорғауға ұсынысы бар диссертация;
- 18) диссертацияның көшірмелері кітапхана қорына тапсырылғаны туралы кітапханалардан алынған анықтамалар;
- 19) диссертация тақырыбын және ғылыми жетекшілерді бекіту туралы, қорғауға жіберу туралы бұйрықтардан үзінділер;
- 20) санау комиссиясы отырысының хаттамасы және бюллетень;
- 21) Этика кеңесінің қорытындысы;
- 22) іске асыру құжаттары (бар болса);
- 23) Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі реферат;

